
**РЕСПУБЛИКА САЛАЛАРЫ МЕН АЙМАҚТАРЫНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛЕМНІҢ
БӘСЕКЕҚАБІЛЕТТІ 30 ЕЛДЕР ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ РЕГИОНОВ
И ОТРАСЛЕЙ В СВЕТЕ ВХОЖДЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
В ЧИСЛО 30-ТИ КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫХ СТРАН МИРА
PROBLEMS OF ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE REGIONS
AND SECTORS IN THE VIEW OF ENTERING THE REPUBLIC
INTO 30 COMPETITIVE COUNTRIES**

ӘОЖ 338.43

Л.М. Аллахвердиева¹, А.А. Курманалина², А.Б. Тасмаганбетов², Б.А. Жуматаева³

¹Мәскеу мемлекеттік гуманитарлық-экономикалық университеті, Ресей;

²Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Қазақстан;

³Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: aslandelo@mail.ru)

**Тұрақты даму жағдайында ауылдық аумақтардың
экономикасын әртараптандырудың ерекшеліктері**

Мақалада ауылдық аумақтардың тұрақты дамуының ерекшеліктері Қазақстан Республикасының ұлттық және аймақтық саясат негізінде қарастырылған. Мақала авторларының пікірінше, ауылдық аумақтардың даму деңгейін анықтау кезінде демографиялық, әлеуметтік, экологиялық және институционалдық факторларды ескеру қажет. Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарды және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері жөніндегі заңнамалық және нормативтік актілеріне ерекше назар аударылған. Мақалада ауылдық аумақтарды әртараптандырудың басты мақсаты олардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы және оларда тұратын халықтың өмір сүру сапасын жақсарту болып табылады. Авторлар урбандалу үдерісін күшейтуге ықпал ететін әлеуметтік және экономикалық факторларды талдаған. Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарының соңғы бес жыл ішіндегі экономика салалары құрылымының (өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және басқа да қызмет) өзгерістері қарастырылған. Авторлар экономиканы әртараптандыру үшін ауылдық аумақтардың базалық әлеуетін атап көрсетті: арзан жер және табиғи ресурстар; қымбат емес еңбек ресурстары; туризм, демалыс саласын және қызметтердің басқа да бірқатар салаларын дамыту үшін табиғи ландшафттар. Авторлардың пікірінше, ауыл экономикасын әртараптандыру ауыл шаруашылығына қатысты емес қызмет түрлерінің дамуымен байланысты, олар өз кезегінде, экономиканың аграрлық өндіріс нәтижелеріне тәуелділігін азайтады; кәсіпкерліктің дамуына ықпал етеді; жаңа жұмыс орындарын ашады.

Кілт сөздер: ауылдық аумақтар, ауыл тұрғындары, экономиканы әртараптандыру, ауылдық экономика, агроөнеркәсіп кешен.

Қазіргі экономикалық жағдайда Қазақстанның аграрлық саясатының жетекші бағыттарының бірі оның ауылдық аумақтарын тұрақты дамыту болып табылады. Қарастырылып отырған мәселенің маңыздылығы экономикалық тұрақты және әлеуметтік дамыған ауылдық аумақтар мемлекеттің тұрақтылығының, тәуелсіздігінің және азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі болып табылады. Бұл жағдайда ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту ұлттық және өңірлік саясаттың басым бағыты болуы тиіс.

Ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту деп ауыл қоғамдастығының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін мыналар түсіндіріледі:

- азық-түлік, ауыл шаруашылық шикізаты, ауыл шаруашылық емес тауарлар мен қызметтерді өндірумен байланысты оның халық шаруашылық қызметтерін орындау;
- халықтың кеңейтілген өсімін, оның өмір сүру деңгейінің өсуі мен сапасын жақсарту;
- биосферадағы экологиялық тепе-теңдікті қолдау.

Ауылдық аумақтардың тұрақты дамуы мәселелердің көпжақтылығымен сипатталады. Ол ең алдымен, қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін тұрақты дамуды көздейді. Бұған ауыл аумақтарын азық-түлікпен, ауыл шаруашылығы шикізатымен қамтамасыз ету, ауылдық өндіріс пен тұрмыс мәдениетін сақтау, әлеуметтік дамуды жүзеге асыру, тарихи игерілген ландшафты және экологиялық қауіпсіздікті сақтау және басқа да қызметтерді орындау нәтижесінде қолжеткізуге болады, олар өзара байланысты факторлардың (демографиялық, әлеуметтік, экологиялық, институционалдық, өмір сүру сапасы мен деңгейі) ықпалымен іске асырылады.

Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңы [1] агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу, азық-түлік қауіпсіздігін, агроөнеркәсіптік кешен өнімі нарықтарының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, кәсіпкерліктің тиімді жүйесін құруға, отандық өнімнің бәсекелестік артықшылығын қолдауға және басқаларға бағытталған.

Халықтың жұмыспен қамтылуы ауылдық аумақтардың тұрақты дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады, оның деңгейі тек жекелеген аумақтардың ғана емес, тұтастай алғанда, ұлттық экономиканың дамуын сипаттайды, сондай-ақ оның әлеуметтік бағдарлануының дәрежесін көрсетеді.

Қазіргі уақытта ауыл халқының өмір сүру деңгейінің нашарлауы, ауыл шаруашылығы еңбегінің беделінің төмендеуі, кадрлардың кетуі урбанизация үдерістерін күшейтіп отыр. Агроөнеркәсіптік кешен экономикасын дағдарыс жағдайынан табысты шығару, мемлекеттік реттеу әдістерінің пәрменділігін арттыру үшін дағдарысқа қарсы шаралардың терең ойластырылған, жан-жақты негізделген бағдарламасы және ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту үшін кешенді тәсіл қажет. Сондықтан ауылдық аумақтарды тиімді дамыту үшін әртараптандырудың әртүрлі бағыттарын әзірлеу қажет. Ауылдық аумақтарды әртараптандырудың басты мақсаты олардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын және оларда тұратын халықтың өмір сүру сапасын жақсарту болып табылады.

Қазақстанның барлық ауылдық аумақтарында аграрлық жұмыспен қамту саласының үстемдігі тән болып келеді. Соңғы онжылдықтағы Қазақстан экономикасының ауыл шаруашылық саласындағы өзгерістер маусымдық жұмыс орындарының өсуіне алып келді, бұл ауылдық жерлерде жұмысқа орналасудың баламалары түрлерінің болмағандығынан, жұмыссыздықтың қарқынды өсуіне және экономиканың бейресми секторында экономикалық белсенді халықтың едәуір бөлігінің шоғырлануына әкеп соқты.

1-кесте мәліметтері көрсетіп отырғандай, ауылдық жерлерде қазақстандық азаматтардың 41,85 % өмір сүреді, себебі ауылдық аумақтардың басым бөлігі Қазақстан Республикасында жер көлемі жағынан аса маңызды орын алады. Табиғи байлығы бойынша, экономикалық, демографиялық, тарихи-мәдени әлеуеті жағынан қарастыратын болсақ, ауылдық аумақтар мемлекеттің әлеуметтік дамуына және экономикалық өсуді қамтамасыз етуге елеулі үлес қосады.

Ауыл халқының үлесі жалпы Қазақстан Республикасы халық санының 2014 ж. 45,03 % мөлшерін құраса, ал 2018 ж. 41,85 % деңгейіне жеткен.

К е с т е 1

Қазақстан Республикасы халық санының 2014–2018 жж. аралығындағы өзгерісі

Жылдар	Барлығы, адам	Оның ішінде			
		қала халқы		ауыл халқы	
		Адам	үлесі, %	адам	үлесі, %
2014	17160855	9433575	54,97	7727280	45,03
2015	17415715	9837025	56,48	7578690	43,52
2016	17669896	10035577	56,79	7634319	43,21
2017	17918214	10250102	57,20	7668112	42,80
2018	18395567	10698210	58,15	7697357	41,85

Ескерту. Авторлармен [2] дайындалған.

Қазақстанда урбандалу деңгейі 2018 жылдың соңында 58,15 %-ды құрады (2017 жылы — 57,2 % 2016 жылы — 56,79 %, 2015 жылы — 56,48 %, 2014 жылы — 54,97 %). Урбандалу деңгейінің жоғарылуына өсіп келе жатқан қалалар саны, халықтың артып келе жатқан ұтқырлығы, инновациялық даму және өндірісті цифрландыру ықпал етіп отыр. Қазіргі уақытта елдердің бәсекеге қабілеттілігі ірі қалалардың болуымен айқындалады. Экономикалық және демографиялық әлеуеті жоғары ірі қалаларды дамыту мен қолдау ұтымды аумақтық ұйымдастырудың негізі болып табылады.

Нарықтық қатынастардың тиісті заңдарына сәйкес адамзат ресурстарына деген сұраныс анықталады, бұл жағдайда мемлекеттің әлеуметтік саясаты ескеріледі. Мемлекет нарықтық қатынастардың субъектісі бола отырып, нарықтық қатынастарға қарама-қайшы келтірмейтін жағдайда ірі қалаларда жұмысбастылық саясатын жүргізеді.

Қазіргі кезде ауылдық аумақтардағы еңбек ресурстарының құрамы тұрақты, мерзімді және уақытша жұмыскерлермен толықтырылады, сонымен қатар басқа да қызметкерлер санатымен бекітіледі. Сондықтан ауыл шаруашылығындағы жалпы жұмыскерлердің санын өсімдік және мал шаруашылығы өндіріс орындарындағы жұмыстың ерекшеліктеріне орай ескеру қажет. Ауылшаруашылық қызметкерлерінің кейбіреулері экономиканың басқа салаларында (құрылыс, өнеркәсіп, тұрғын үй шаруашылығы, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету) жұмыспен қамтылған.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында нарықтарда сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік кешен өнімін өндіруді қамтамасыз ету мақсаты көзделген [3].

Осыған орай ауыл шаруашылығы өнімінің ішінде егістік түсіміне деген жаһандық сұранысты ескере отырып, ең алдымен, жаңа технологияларды енгізуді қолға алу керек. Ол үшін экологиялық мәселелерді есепке алатын ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер құрылуы тиіс. Жаңа ғылыми, технологиялық, басқарушылық жетістіктерді ескермей, жер өңдеу мәдениетін өзгертпей және мал шаруашылығындағы дәстүрлерімізді жаңғыртпай, ауыл шаруашылығында жетістіктерге жету мүмкін емес. Дегенмен, мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығын қаржылай ынталандыру бағыттарында көптеген қызметтердің атқарылып жатқанын атап өткен жөн. Олардың тікелей нәтижесін, әрі өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының арасындағы өнім шығарудың көлемін 2-кестеден байқауға болады.

К е с т е 2

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің шаруашылық түрлері бойынша жалпы шығарылымы

Шаруашылық түрлері	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	Өзгеріс (2018–2014)
	млн теңге					
Барлығы, оның ішінде	3143678,1	3307009,6	3684393,2	4070916,8	4474088,1	+1330410,0
Өсімдік шаруашылығы	1739436,4	1825236,7	2047580,8	2249166,9	2411486,7	+672050,3
Мал шаруашылығы	1393762,0	1469923,0	1621541,4	1810914,1	2050455,8	+656693,8
Қосымша қызметтер	10479,7	11849,9	15271,0	10835,8	12145,6	+1665,9

Ескерту. Авторлармен [4] дайындалған.

2014–2018 жж. аралығындағы нақты мәліметтер көрсеткендей, ауыл шаруашылығы өнімдерінің барлық шаруашылық түрлері (өсімдік шаруашылығы — 672050,3 млн тг және мал шаруашылығы — 656693,8 млн тг) мен қызметтері (1665,9 млн тг) бойынша жалпы шығарылым 1330410,0 млн тг өскені байқалады.

Ауылдық аумақтардың экономикасын әртараптандыруды қарастыра отырып, оның құрылымындағы басты салалар өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы болып табылатынын атап өткен жөн. Олар дәстүрлі түрде шикізат өндірісіне маманданған және әртүрлі тауарлар мен қызметтер өндірілетін басқа салаларды ресурстық қамтамасыз ету қызметін орындайды.

Қазіргі уақытта ауыл аумақтарының базалық әлеуеті тек аграрлық өндірісті жүргізуге арналған ресурстарды ғана емес, сонымен қатар өндіруші өнеркәсіпке арналған салыстырмалы арзан жер және табиғи ресурстарды, арзан еңбек ресурстарын, өңдеуші өнеркәсіпке арналған кеңістіктік базис

ретінде арзан жерлерді, сондай-ақ туризм, демалыс саласын және қызметтердің бірқатар басқа да салаларын дамытуға арналған табиғи ландшафттарды енгізеді. Сондықтан ауылды әртараптандыру қолда бар ресурстардың болуымен, құрылымдық құрамымен және көлемімен ғана емес, сондай-ақ оларды мақсатты пайдаланумен де тікелей байланысты [5]. Осыған орай нақты аумақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында одан әрі даму стратегиясы ретінде таңдап алынатын әртараптандырудың кез келген бағыты ресурстық әлеуетті пайдалану мүмкіндіктерін мұқият бағалауды талап етеді. Дегенмен, қолда бар ресурстарды қарапайым бағалау немесе талдау жүргізу аумақтың әртараптандырылған әлеуетін толық көлемде анықтауға мүмкіндік бермейді. Бұл үшін мәселелерді анықтауға және оларды ықтимал шешу салаларын белгілеуге бағытталған қандай да бір құбылысты бағалайтын үдеріс қажет.

Ауылдық жерлердегі экономикалық қызметті әртараптандыру мәселесін шешу әлемдік қоғамдастық үшін өзекті. Мысалы, кейбір ғалымдар Орталық Еуропа кәсіпорындарының көлеміне байланысты өндірісті әртараптандыру ерекшелігін зерттеген [6]. Олар ауыл аумақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуын жандандыру үдерістерінде әртараптандырудың артықшылықтарын іске асыру тетіктерін әзірледі.

Ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық кеңістігінің құрылымдық өзгерістерін зерттеудің үш негізгі болжамын ұсынуға мүмкіндік береді [7]:

- халықаралық бәсекелестікте өсіп келе жатқан байланысты есепке алады, азық-түлік нарығын жаһандық қайта құрылымдау, ауыл шаруашылығы экономикасын саралау және сегменттеу үдерісіне негізделеді;

- жаһандық құрылымдық өзгерістердің ауылдық үй шаруашылықтарын бейімдеудің қазіргі заманғы үдерістерін және ауыл экономикасын әртараптандыруға әсерін есепке алу көзделеді. Ауыл халқының неғұрлым кең тараған бейімделу реакциясы экономикалық белсенділік пен табыс көздерінің жаңа бағыты болып табылады;

- кеңістіктік және әлеуметтік саралау үдерістері балама белсенділік мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігіне, материалдық (қаржылық, жер) ресурстарының жетіспеушілігіне және еңбек нарығының шектеулігіне сәйкес келетін трансформациялық тұйықтардың пайда болу тәуекелдерін туындатады.

Қазіргі уақытта ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік қолдаудың екі тұжырымдамалық моделі пайдаланылады: бірінші үлгі — мемлекеттік қолдаудың шарттары мен тетіктері бірыңғай заңнамалық акт шеңберінде бекітілген және бұл модель Еуропалық одақ елдерінде қолданылады; екінші модель — мемлекеттік бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады. Бұл нұсқа АҚШ, Мексика және тағы басқа елдерде пайдаланылады [8].

Өз кезегінде, Л. Зарубанна [9] ауылдық аумақтардағы экономикалық қызметті әртараптандыру стратегиясының әлеуметтік-экономикалық алғышарттарын, қозғаушы күштері мен салдарын зерттеді.

Экономиканы әртараптандыру ауыл аумақтарының тартымдылығы, яғни ресурстарды тарту және өзінің адами әлеуетін сақтау қабілеті, ауыл аумақтарының ауыл шаруашылығына қатысы жоқ баламалы табыс көздерін құру мүмкіндігіне байланысты [10, 11]. Бұл құбылыстың ауқымдылығы «аграрлы емес ауыл экономикасына» арналған көптеген зерттеу әдебиеттерін тудырды. Оларға ауылдық аумақтардағы ауыл шаруашылығы қатысты емес жеке меншік кәсіпорындары (оның ішінде бейресми), ауылдық аудандардағы мемлекеттік және жергілікті басқару институттары, сонымен қатар әлеуметтік инфрақұрылым жатады.

Көптеген жылдар бойы ауылдық аумақтарда экономикалық, саяси және әлеуметтік құрылымдық өзгерістерді ынталандырудың әртүрлі стратегиялары қолданылды. Ұзақ уақыт бойы экономиканы әртараптандыру ауыл шаруашылығындағы өзгеріштікке және маусымдылыққа байланысты тәуекелдерді жеңілдетуге көмектесетін ауылдық үй шаруашылықтарының стратегиясы болып саналды [12].

Ауылдық әртараптандыру ресурстарды ауылда қайта бөлуге байланысты болғандықтан, ауыл экономикасын әртараптандырудың диагностикасы, бірінші кезекте, оның дамуының жаңа бағыттарын анықтауға мүмкіндік беретін қолда бар ресурстарды және/немесе әлеуетті анықтауға бағытталған [13]. Сонымен қатар бұл қызмет түрі ауыл шаруашылық және оған қатысты емес қызмет түрлерін, сондай-ақ қызмет көрсету саласын дамыту болып табылады [14].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы экономикасының аграрлық секторының шикізаттық сипатын өзгерту және оны ауыл шаруашылығы шикізатын өнеркәсіптік қайта өңдеу өнімдерін

өндіруді ұлғайтуға бағыттау қажеттігі туралы мәселе өткір тұр. Бұл жоғары қосымша құн алуға ғана емес, қосымша жұмыс орындарын құруды қамтамасыз етеді, халық табысының өсуіне, барлық деңгейдегі бюджет кірістерінің толуына ықпал ететін болады. Осыған байланысты, ауылдық аумақтарда ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, сақтау, өткізу және қайта өңдеу (ұн, жарма, нан-тоқаш өнімдері, май, консервіленген көкөністер, жемістер, шырындар, ет-сүт өнімдері және тағы басқаларды өндіру) жөніндегі қызметті ұйымдастыру және дамыту маңызды бағыт болып келеді.

Ауылдық аумақтардағы шаруашылық кешендерінің моноқызметтілігі олардың дамуының депрессивті сипатын тереңдете түседі, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың бір сегментінде тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануын қамтамасыз етеді, қолданыстағы әлеуетті пайдалану тиімділігінің деңгейлерін шектейді, кеңейтілген ұдайы өндіру үдерістерін ынталандыру үшін ресурстық базаны қалыптастыруға кедергі жасайды және мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Бұл мәселе ауылдық аумақтардағы экономикалық қызметтің таза аграрлық желісінде ғана емес, сондай-ақ оның шамадан тыс салалық шоғырлануы да болып табылады, бұл экономикалық қауіпсіздік тәуекелдерін арттырады және оларды азайту үдерістерін қиындатады. Бұл ахуалдың тұрақсыздандыратын әлеуметтік-экономикалық салдарлары негізінен тауарлық экспорттық нарықтың жоғары табысты сегменттеріне бағдарланған агрохолдингтердің ресурстық қуаттары шегінде өндірістің өсіп келе жатқан шоғырлануы жағдайында да қиындайды, бұл тұйық өндірістік кезеңдерді құруды және ауылдық жерлерде әртараптандырылған экономикалық кешендерді дамытуды ынталандыруды болдырмайды.

Сонымен, ауылдық жерлерде экономикалық қызметті әртараптандыруды қарқындалту мәселесі экономикалық ғана емес, сондай-ақ терең әлеуметтік негізге ие, себебі оның шешімі қоғамдық ұдайы өндіріс үдерісін құрылымдауды қамтамасыз етеді. Ауыл экономикасын әртараптандыру экономикалық қауіпсіздік үшін тәуекелдерді азайтудың және ауылдық жерлердегі жағымсыз көші-қон үдерістерін еңсерудің стратегиялық құралы болып табылады, өйткені ауылдық аумақтарды дамытудың моноқызметті сипаты олардың құлдырауы мен тұрақтануына әкеп соқтырады.

Қазіргі уақытта экономиканың ауыл шаруашылығына қатысты емес секторын дамыту ауылдық аумақтардың өміршеңдігі мен дамуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратынына қарамастан, ауыл шаруашылығын қолдау бұрынғысынша ауылдық аудандарды дамытудың кез келген стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады.

Әсіресе экономиканың ауыл шаруашылығына қатысты емес секторын құру үшін кедергілер еңсерілмейтін болуы мүмкін шалғай ауыл аудандары үшін ауыл шаруашылығы өміршең нұсқалардың бірі болып келеді.

Біздің ойымызша, тұтастай алғанда ауыл экономикасын әртараптандыруға, сондай-ақ ауыл шаруашылығына қатысты емес жұмыспен қамтуды дамытуға физикалық және адами ресурстардың әртүрлілігі, жергілікті немесе өңірдің өзіндік мүмкіндіктері сияқты факторлар елеулі әсер етуі мүмкін. Кеңістіктік әлеуметтік-экономикалық теңсіздік бар, ол әртүрлі өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының бірқалыпты еместігінде айқын көрінеді. Қазіргі уақытта ауылдық аумақтарды дамыту тәсілдерінің көпшілігі жекелеген ауылдық аудандардың аумақтық топтарын, олардың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып бөлуге негізделеді.

Ол үшін ауылдық аумақтардың ерекшеліктерін ескере отырып, әртараптандырудың тиісті стратегиясын әзірлеу қажет. Бірқатар өңірлерде ауыл шаруашылығы секторын дамыту (әртараптандыруға байланысты) арқылы ауыл экономикасын әртараптандыру неғұрлым орынды, ал басқа өңірлер үшін экономиканың салалық құрылымында ауыл шаруашылығы емес сектор басымдықпен байланысты емес әртараптандыру стратегиясы неғұрлым қолайлы болады.

Біздің ойымызша, әртараптандыру стратегиясын таңдау кезінде аумақтың алыстығы сияқты факторға ерекше назар аудару қажет. Қазақстан Республикасының өңірлерінде қашықтықтың өлшемі бойынша ауылдық аумақтардың белгілі бір түрлері бар, олардың әрқайсысының қалалармен өзара іс-қимыл жасау ерекшеліктері ескерілуі керек. Мысалы, шалғайдағы ауылдық аумақтарда әрқашан жеткілікті мүмкіндіктер, сондай-ақ ауыл шаруашылығы емес секторды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жоқ, бұл жағдайда экономиканы әртараптандыру емес, керісінше, ауыл шаруашылығын дамыту арқылы мамандандыруды тереңдету неғұрлым тиімді нұсқа болуы мүмкін. Шалғайдағы ауылдық аумақтарда аграрлық секторды дамыту қысқамерзімді келешекте кедейлік деңгейін қысқарту үшін аз ғана шешімдердің бірі болып қала бермек.

Ауыл экономикасын әртараптандыру агротехникалық пен ауа райына қатысты қолайсыз құбылыстардан және нарық конъюнктурасының күтпеген өзгерістерінен тәуекелдерді азайтуға

мүмкіндік береді. Қызметтің әртүрлі түрлерінің ұтымды үйлесімі салалық құрылымды оңтайландыруға ықпал жасайды, жер алқаптары мен өндіріс құралдарын неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді. Ауыл шаруашылығына қатысты емес қызмет түрлерін дамыту ауылдық аумақтар экономикасының аграрлық өндіріс нәтижелеріне тәуелділігін азайтады, кәсіпкерлік қызметті жандандыруға және ауылда қосымша жұмыс орындарын құруға ықпал етеді. Бұл табыс табудың тұрақтылығына және тауар өндірушілер қызметінің табыстылығын арттыруға кепілдік беріп қана қоймай, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жалпы мемлекеттік басымдықтарды іске асыруға, халықтың жұмыспен қамтылуын арттыруға және ауыл тұрғындарының әлеуметтік және материалдық мәселелерін шешуге ықпал ететін болады.

Әртараптандырудың негізгі бағыттарына өндірістік қызметтің ауыл шаруашылығына қатысты емес түрлерін дамыту, қызмет көрсету саласындағы әртүрлілікті кеңейту, ауыл шаруашылығында жоғары тауар өнімдерін өндіру, халық шаруашылықтарында кәсіпкерлік қызметті дамыту жатады. Ауылдық аумақтарды басқару тәжірибесіне жергілікті экономиканы әртараптандыруға кешенді тәсілді енгізу, бұл ретте ауылдық жерлерде өндірістің ерекше ерекшеліктерін ескере отырып, саналуандықты бірнеше деңгейде кеңейтудің әртүрлі әдістерін жүйелі түрде қолдануға мүмкіндік береді.

Осылайша, ауылдық аумақтарды дамыту мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың экономикасын әртараптандыру бойынша мынадай қорытындылар жасауға болады:

– ауылдық аумақтардағы жұмыссыздықтың болуы, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының жетіспеушілігі урбандалу үдерісінің жеделдетілуіне әкеліп отыр. Сондықтан ауылдық аумақтарды қолдайтын бағдарламаларда тек экономикалық ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мәселелерді ескерген жөн;

– ауыл шаруашылығы өнімдерінің шаруашылық түрлері бойынша жалпы шығарылымында дәстүрлі өсімдік және мал шаруашылығының үлесі басым. Ауылдық аумақтардың маусымдық сипаттағы салалық құрылымын ауыл шаруашылығына қатысты емес бағыттағы өндіріспен және қызметтермен толықтыру қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: www.adilet.zan.kz.
- 2 Регионы Казахстана. Комитет статистики Министерства национальной экономики Республики Казахстан. — Астана: Комитет по статистике, 2019. — 33 с. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/6>
- 3 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 420 Жарлығы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: www.adilet.zan.kz.
- 4 Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы: стат. жин. — Астана: статистика комитеті, 2019. — 144 б. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/5>
- 5 Меренкова И.Н. Сельский туризм и диверсификация экономики сельских территорий / И.Н. Меренкова, В.Н. Перцев // АПК: экономика, управление. — 2010. — № 7. — С. 43–46.
- 6 Chaplin L., Davidova S., Gorton M. Agricultural Adjustment and the Diversification of Farm Household and Corporate Farms in central Europe / L. Chaplin, S. Davidova, M. Gorton // Journal of Rural Studies. — 2004. — No. 1. — Vol. 20. — P. 61–77.
- 7 Losch B. Rural Transformation and Late Developing Countries in a Globalizing World: A Comparative Analysis of Rural Change / B. Losch, E. White. — Washington, DC: WorldBank, 2011. — 308 p.
- 8 Морозова Н.С. Развитие сельских территорий: зарубежный опыт / Н.С. Морозова, Е.В. Иванова // Социально-экономические явления и процессы. — 2015. — Т. 10, № 6. — С. 63–69.
- 9 Zarubanna L. Social and Economic Prerequisites for the Diversification of Rural Economy / L. Zarubanna // Bulletin of Ternopil National Economic University. — 2013. — No. 1. — P. 45–55.
- 10 Richardson T. Discourses of Rurality in EU Spatial Policy: The European Spatial Development Perspective / T. Richardson // Sociologia Ruralis. — 2000. — No. 40 (1). — P. 53–71.
- 11 Saraceno E. Recent Trends in Rural Development and Their Conceptualization / E. Saraceno // Journal of Rural Studies. — 1995. — No. 10. — P. 321–330.
- 12 Lohmann C. Location, nonagricultural employment, and vulnerability to poverty in rural Thailand / C. Lohmann, I. Liefner. Erdkunde. — 2009. — Vol. 63/2. — P. 141–160.
- 13 Сельская экономика: учеб. / под ред. проф. С.В. Киселева. — М.: ИНФРА-М, 2008. — 572 с.
- 14 Савенкова О.Ю. Стратегия социально-ориентированного развития сельских территорий: дис. ... д-ра экон. наук: 08.00.05 – «Экономика и управление народным хозяйством» / О.Ю. Савенкова. — Воронеж, 2016. — 353 с.

Л.М. Аллахвердиева, А.А. Курманалина, А.Б. Тасмаганбетов, Б.А. Жуматаева

Особенности диверсификации экономики сельских территорий в условиях устойчивого развития

В статье рассмотрены особенности устойчивого развития сельских территорий в контексте национальной и региональной политики Республики Казахстан. По мнению авторов статьи, при определении уровня развития сельских территорий необходимо учесть демографические, социальные, экологические, институциональные факторы. Особое внимание уделено законодательным и нормативным актам Республики Казахстан по вопросам развития сельских территорий и агропромышленного комплекса. В статье отмечено, что главной целью диверсификации сельских территорий является их устойчивое социально-экономическое развитие и улучшение качества жизни проживающего в них населения. Авторами проанализированы социальные и экономические факторы, способствующие усилению процесса урбанизации. Рассмотрены изменения структуры отраслей экономики (растениеводство, животноводство и др.) сельских территорий Республики Казахстан за последние пять лет. Авторами выделен базовый потенциал сельских территорий для диверсификации экономики: дешевые земельные и природные ресурсы; недорогие трудовые ресурсы; природные ландшафты для развития сферы туризма, отдыха и ряда других отраслей услуг. По мнению авторов, диверсификация сельской экономики связана с развитием несельскохозяйственных видов деятельности, которые, в свою очередь, уменьшают зависимость экономики от результатов аграрного производства; способствуют развитию предпринимательства; создают новые рабочие места.

Ключевые слова: сельские территории, сельские жители, диверсификация экономики, сельская экономика, агропромышленный комплекс.

L.M. Allahverdiyeva, A.A. Kurmanalina, A.B. Tasmaganbetov, B.A. Zhumatayeva

Features of economic diversification in rural areas for sustainable development

The article deals with the features of sustainable development of rural areas in the context of national and regional policy of the Republic of Kazakhstan. According to the authors, demographic, social, environmental and institutional factors should be taken into account when determining the level of rural development. The authors concentrate upon legislative and regulatory acts of the Republic of Kazakhstan on the development of rural areas and agriculture. In this article, it is noted that the main purpose of diversification of rural areas is their sustainable socio-economic development and improvement of the quality of living standards. Social and economic factors that contribute to the strengthening of the urbanization process are analysed by the authors. The article illustrates some changes in the structure of economic sectors (crop, livestock and other services) of rural areas of the Republic of Kazakhstan over the past five years. The authors identified following basic potential of rural areas for economic diversification: cheap land and natural resources; low-cost labor resources; natural landscapes for the development of tourism, recreation and other services. The diversification of the rural economy is associated with the development of non-agricultural activities, which in turn reduces the dependence of the economy on the results of agricultural production; contributes to the development of entrepreneurship; creates new jobs.

Keywords: rural areas, rural residents, diversification of the economy, rural economy, agro-industrial complex.

References

- 1 Ahroonerkasiptik keshendi zhane auyllyk aumaktardy damytudy memlekettik retteu turaly Kazakstan Respublikasynyn 2005 zhylyhy 8 shildedehi N 66 Zany [About state regulation of development of agroindustrial complex and rural territories the Law of the Republic of Kazakhstan of July 8, 2005 N 66]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from www.adilet.zan.kz [in Kazakh].
- 2 Rehiony Kazakhstana. Komitet statistiki Ministerstva natsionalnoi ekonomiki Respubliki Kazakhstan [Region of Kazakhstan. Statistics Committee of the Ministry of national economy of the Republic of Kazakhstan]. (2019). Astana: Komitet po statistike. *stat.gov.kz*. Retrieved from <http://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/6> [in Kazakh].
- 3 Kazakstan Respublikasynyn ahroonerkasiptik keshenin damytudyn 2017–2021 zhyldarha arnalhan memlekettik bahdarlamasyn bekitu zhane «Memlekettik bahdarlamalar tizbesin bekitu turaly» Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2010 zhylyhy 19 nauryzdahy No. 957 Zharlyhyyna ozheris pen tolyktyru enhizu turaly Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2017 zhylyhy 14 akpandahy No. 420 Zharlyhy [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated February 14, 2017 № 420 «on approval of the state program of development of agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2017–2021 and amendments to the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated March 19, 2010 № 957» on approval of the list of state programs]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from www.adilet.zan.kz [in Kazakh].

- 4 Kazakstan Respublikasyndahy auyl, orman zhane balyk sharuashylyhy: statistikalyk zhinak [The Republic of Kazakhstan has agriculture, forestry and fisheries: statistical compendium]. (2019). Astana: Statistika komiteti. *stat.gov.kz*. Retrieved from <http://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/5> [in Kazakh].
- 5 Merenkova, I.N., & Percev, V.N. (2010). Selski turizm i diversifikatsiia ekonomiki selskikh territorii [Rural tourism and diversification of the rural economy]. *APK: ekonomika, upravlenie*, No. 7, 43–46 [in Russian].
- 6 Chaplin, L., Davidova S., & Gorton, M. (2004). Agricultural Adjustment and the Diversification of Farm Household and Corporate Farms in central Europe. *Journal of Rural Studies*, No. 1, Vol. 20, 61–77.
- 7 Losch, B., & White, E. (2011). *Rural Transformation and Late Developing Countries in a Globalizing World: A Comparative Analysis of Rural Change*. Washington, DC: World Bank.
- 8 Morozova, N.S., & Ivanova, E.V. (2015). Razvitie selskikh territorii: zarubezhnyi opyt [Rural development: foreign experience]. *Sotsialno-ekonomicheskie yavleniia i protsessy*, Vo. 10, No. 6, 63–69 [in Russian].
- 9 Zarubanna, L. (2013). Social and Economic Prerequisites for the Diversification of Rural Economy. *Bulletin of Ternopil National Economic University*, No. 1, 45–55.
- 10 Richardson, T. (2000). Discourses of Rurality in EU Spatial Policy: The European Spatial Development Perspective. *SociologiaRuralis*, No. 40 (1), 53–71.
- 11 Saraceno, E. (1995). Recent Trends in Rural Development and Their Conceptualization. *Journal of Rural Studies*, No. 10, 321–330.
- 12 Lohmann, C., & Liefner, I. (2009). Location, nonagricultural employment, and vulnerability to poverty in rural Thailand. *Erdkunde*, Vol. 63/2, 141–160.
- 13 Kiseleva, S.V. (Eds.). (2008). *Selskaia ekonomika [Rural economy]*. Moscow: INFRA-M [in Russian].
- 14 Savenkova, O.Ju. (2016). Stratehiia sotsialno-orientirovannoho razvitiia selskikh territorii [Strategy of socially-oriented rural development]. *Doctor's thesis*. Voronezh [in Russian].